

ГЛИСАЙТ

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Құрамы: 1 таблетканың құрамында: <i>белсенді заттар:</i>	мг/ таблетка	% от УТТД ¹
Гамма-аминомай қышқылы	125	-
L- глутамин	100	20%*
L- глицин	75	2,1%*
Пиридоксин гидрохлорид B6 -дәрумені	0,5	25%
Птероилмоноглутамин қышқылы фолий қышқылы	0,055 0,05	25%*

қосымша заттар: микрокристалды целлюлоза, поливинилпирролидон (ПВП К-30), магний стеараты, тігілген натрий карбоксиметилцеллюлозасы, коллоидты кремний диоксиді.

¹ТР-ТС-022/2011 Кедендік одақтың техникалық регламенті «Азық-түлік өнімдері оларды таңбалау бөлімінде» 2-қосымша – ұсынылған тәуліктік тұтыну деңгейінен және *БСЭГТ, 5-қосымша – тұтынудың баламалы деңгейінен аспайды.

Сипаттама:

Салауатты ағзада теңдестірілген тамақтану және дұрыс өмір салты арқылы **гамма-аминомай қышқылының (ГАМК)** өндірісі өздігінен реттеледі, бірақ жаман әдеттер, стресс және кейбір аурулар оның жетіспеушілігін тудыруы мүмкін. Ағзадағы ГАМК тепе-теңдігін қалпына келтіру үшін құрамында гамма-аминомай қышқылы, сондай-ақ **глутамин** бар тағамды немесе арнайы қоспаларды тұтыну керек, өйткені ГАМК оның туындысы болып табылады.

Гамма-аминомай қышқылы – амин қышқылы да және нейромедиатор да болғандықтан - ми жасушалары арасында жүйке импульстарының берілуін қамтамасыз ететін заттардың бірі. Қан мен мидың маңызды компоненттерінің бірі бола отырып, **гамма-аминомай қышқылы** мидың қанмен қамтамасыз етілуін жақсартады, энергия процестерін белсендіреді және тіндердің тыныс алу белсенділігін арттырады.

Глицин ағзаға қоздырып әсер ететін аминқышқылдарының өндірісін азайтады және сонымен бірге ГАМК синтезін ынталандырады. Осы қасиеттердің арқасында глицин метаболизмді реттейді, орталық жүйке жүйесіндегі қорғаныстың баяулау процестерін қалыпқа келтіруге және белсендіруге ықпал етеді, психикалық және эмоционалдық стрессті азайтады, ақыл-ой өнімділігін арттырады.

В6 дәрумені - аминқышқылдарының метаболизміне, эритроциттердің түзілуіне қатысады, қан тамырларының күйіне пайдалы әсер етеді. Ол сондай-ақ есте сақтау мен көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі, өйткені ол серотонин синтезіне қатысады.

Фолий қышқылы - жүйке жүйесінде стресске қарсы және ноотропты әсері бар глицин синтезіне жауап береді, тежеу процестерін реттейді.

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ: ГЛИСАЙТ -. мидың жұмысын қалыпқа келтіру және орталық жүйке жүйесінің функционалды күйін сақтау үшін ұсынылады.

ГАМК, L-глутамин және L-глицин аминқышқылдары B6 және B9 дәрумендерімен бірге келесі жағдайларға ықпал етеді:

- босаңсуға, жүйкенің шаршауы мен стрессті жеңілдетуге;

- ұйқыны жақсартуға;
- психикалық стресстің жоғарылауы кезінде ми қызметінің жақсаруына;
- мидағы қанайналымның бұзылуынан кейін қалпына келтіруге;
- қан қысымын қалыпқа келтіруге.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

Тамақтану кезінде 1 таблеткадан, тәулігіне 2 рет немесе дәрігердің ұсынысы бойынша қабылданады. Қабылдау курсы 1-2 ай.

100г ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ (г):

Ақуыздар	1,5 г
Майлар	0,49 г
Көмірсулар	70,0 г
Энергетикалық құндылығы	1215 кДж/290 ккал

ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ:

- ББҚ компоненттерін жекелей көтере алмаушылық
- 18 жасқа дейінгілер

АЙРЫҚША НҰСҚАУЛАР: ұсынылатын тәуліктік мөлшерінен асыруға және ББҚ алуан түрлі үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін қолдануға болмайды.

Алкогольдік энцефалопатия және полиневропатия кезінде дозалар мен қабылдау ұзақтығы жеке белгіленеді.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ: Бөлме температурасында құрғақ жерде сақтаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ: 15 таблетка 1 блистерде. Картон қорапта 2 блистерден мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 36 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші:

“Biofaktor” Sp. z o.o.
ul.Podmiejska 15c, 66-400
Гожув-Велькопольский, Польша

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (МТК) ұстаушы:

VEGAPHARM LLP.,
Unit 18, 53 Norman Road,
Greenwich Centre Business Park, SE10 9QF
Лондон, Ұлыбритания

Тұтынушылардың шағымын қабылдайтын уәкілетті ұйым:

«Cepheus Medical» (Цефей Медикал) ЖШС,
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7,
ТК «Нурлы Тау», блок 5А, офис 247
тел: +7 (727) 978 69 71, e-mail: cephesusmedical@gmail.com